

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар

технологиясы» кафедрасы

Токтаров И.М.

«Мыс кадмий кектерін өндеу» тақырыбына

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070900 – Металлургия мамандығы


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар  
технологиясы» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
МПЖ және АМТ кафедра  
меңгерушісі PhD докторы,  
техн. ғыл. кандидаты,  
қауымдас-ған профессор  
 Чепуштанова Т.А.  
« 13 » 05 2019

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Мыс кадмий кектері өндеу»


5B070900 – Металлургия мамандығы

Орындаған


Токтаров И.М.

Ғылыми жетекшісі:

PhD докторы,  
Байгенженов Ө.С.



« 13 » 05 2019



Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар

технологиясы» кафедрасы

5B070900 – «Металлургия»

**БЕКІТЕМІН**

МПЖ және АМТ кафедра  
менгерушісі PhD докторы,

техн. ғыл. кандидаты,  
қауымдас-ған профессор

Чепуштанова Т.А.

« 13 » 05 2019



**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Токтаров Ильяс Медетұлы

Тақырыбы Мыс кадмий кектері өңдеу

Университет ректорының «08» қазан 2018 ж. № 1113 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «30» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Кадмий, мыс-кадмий кектері,  
материалдық баланс.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

–кіріспе, жұмыстың өзектілігі және тәжірибелік маңыздығы  
көрсетілген;

–аналитикалық бөлім, жұмыс тақырыбы бойынша әдеби шолу  
көрсетілген;

–тәжірибелік жұмыс, мыс-кадмий кектерін өңдеудің металлургиялық  
есептеуі;

–экономикалық бөлім;

–қорытынды





–сызбалық материалдар 15 слайд

Ұсынылатын негізгі әдебиет 22 атау

**Дипломдық жұмысты (жобаны) даярлау  
КЕСТЕСІ**

№ п/п	Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
1	Кіріспе	8.02.2019	
2	Аналитикалық бөлім	22.02.2019	
3	Тәжірибелік бөлім	16.03.2019	
4	Экономикалық бөлім	05.04.2019	
5	Еңбекті қорғау	12.04.2019	
6	Қорытынды	19.04.2019	
7	Норма бақылау	26.04.2019	

Жұмыс (жоба) бойынша оларға қатысты бөлімдердің көрсетілуімен кеңес  
берушілердің  
қолтаңбалары

Бөлім атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Аналитикалық бөлім	Байгенженов Ө.С. ғылыми жетекші Ph.D	22.02.2019	
Тәжірибелік бөлім	Байгенженов Ө.С. ғылыми жетекші Ph.D	16.03.2019	
Қорытынды	Байгенженов Ө.С. ғылыми жетекші Ph.D	19.04.2019	
Норма бақылау	Көккөзов Д.Қ техника және технология магистірі	13.05.2019	

Ғылыми жетекші  (Байгенженов Ө.С.)

Студент тапсырманы орындауға алды  (Токтаров И.М.)

Күні " 25 " 01 2019

## АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тапсырмадан, кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмысқа компьютерде терілген 36 бетте компьютерлі терумен жазылған, 11 кесте кіреді. Әдебиеттер тізімі 22 атаудан тұрады.

Жұмыстың мақсаты - өнімділігі жылына 500 т кадмийді өндіру бөлімшесін техникалық қайта жабдықтауын орындау.

Жобада аппараттық-технологиялық сұлбаның таңдауы жүзеге асқан, материалдық баланс және кадмий электролизі процессін аппараттық хаттау саласындағы жұмыстардың заман талабына сай деректердің есебі жасалған.

Өндірісті қарқындату мақсатында жобада кадмийдің технологиялық сұлбасының оңайлатуын қамтамасыз ететін электролиттік тұнуға өту қарастырылған. Кадмийдің электролизін қолдану электр энергиясын пайдалану шығындарын және соның есебінде өнімнің өздік құнын төмендетуге кететін шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Экономикалық есептер шығын коэффициенттері мен прогрессивті өндіру шамаларының негізінде орындалған.

## АННОТАЦИЯ

Дипломная работа состоит из задания, введения, 4 раздела, заключения, списка литературы. В работу входит 11 таблиц, написанных компьютерным набором на 36 страницах, набранных на компьютере. Список литературы состоит из 22 наименований.

Цель работы-выполнение технического перевооружения отделения по производству кадмия производительностью 500 т в год.

В проекте был осуществлен выбор аппаратно-технологической схемы, произведен расчет современных данных в области материального баланса и аппаратного оформления процесса электролиза кадмия.

В целях интенсификации производства проектом предусматривается переход на электролитическое осаждение, обеспечивающее упрощение технологической схемы кадмия. Применение электролиза кадмия позволит снизить затраты на потребление электроэнергии и затраты на ее счет снизить себестоимость продукции.

Экономические расчеты выполнены на основе коэффициентов затрат и прогрессивных производительных величин.

## ANNOTATION

Thesis consists of tasks, introduction, 4 sections, conclusion, references. The work includes 11 tables written by a computer set of 36 pages typed on a computer. The list of references consists of 22 items.

The purpose of the work is to perform technical re-equipment of the Department for the production of cadmium with a capacity of 500 tons per year.

The project was implemented the choice of the equipment-technological schemes calculation of the current data region of the material balance and hardware registration of process of electrolysis of cadmium.

In order to intensify production, the project provides for the transition to electrolytic deposition, which simplifies the technological scheme of cadmium. The use of cadmium electrolysis will reduce the cost of electricity consumption and the cost of its expense to reduce the cost of production.

Economic calculations are made on the basis of cost coefficients and progressive productive values

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Талдаулық шолу	11
1.1	Мыс – кадмий кектерін қайта өңдеудің теориялық негізі	11
1.2	Тауарлық кадмий алуда пайдаланылатын шикізат пен өнімнің, және онда жүретін процестердің қысқаша сипаттамасы	12
1.2.1	Мыс-кадмий кектерін ерітінділеу	14
1.2.2	Ерітіндіден кадмийді тұндыру	16
2	Мыс-кадмий кектерін өңдеудің металлургиялық есептеуі	17
2.1	Жуықталған металлургиялық есептеу	17
2.2	Мыс-кадмий кектерін өңдеудің толық металлургиялық есептеуі	19
2.2.1	Мыс-кадмий кектерін ерітінділеу бөлімшесі	19
2.2.2	Мыс кекін ерітінділеу бөлімшесі	22
2.2.3	Мыс-кадмий кектерін цементациялау бөлімі	25
2.2.4	Кадмий кеуегін ерітінділеу бөлімшесі	27
2.2.5	Кадмий кеуегін толық ерітінділеу бөлімі	28
2.3.1	Кадмий кеуегін цементациялау бөлігі	29
2.3.2	Кадмий кеуегін мырыштан жуу бөлігі	30
3	Жобаның технико – экономикалық негізі	31
3.1	Түйіндеме	31
3.2	Жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштері	31
4	Жобаның қауіпсіздігі және экологиялығы	33
4.1	Еңбекті қорғау	33
4.1.2	Қауіпті, зиянды заттардың сипаттамасы және олардан қорғану	33
4.1.3	Өрт қауіпсіздігінің шаралары	33
4.2	Қоршаған ортаны қорғау	34
	Қорытынды	35
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	36
	А Қосымшасы	37
	В Қосымшасы	40



## КІРІСПЕ

Металлургия – кеннен және басқа да құрамында металы бар шикізаттардан металл алумен айналысатын ғылым мен техника облысын айтамыз. Ол геология кен ісі, кенді байыту металлургия және металды өңдеуді қамтитын тау-кен металлургия өндірісінің жалпы циклының негізі болып табылады. Металлургия өндірісі адам қоғамының дамуының алғашқы сатыларында пайда болған ең көне өндіріс. Адам металды шамамен 6000 жыл бұрын қолдана бастады. Адам өмірінде алғашқы кездескен металдар, сом тума мыс пен алтын және табығатта бос күйінде кездесетін метиоритті темір болып табылады.

Кадмий табығатта кеңінен таралған: оның жер қыртысындағы мөлшері  $1,1 \cdot 10^{-5}$ . Өте шашыранды болғандықтан өндірістік маңызы бар өзіндік кен орындары жоқ. Ол ауыр түсті металдар кендерінде қоспа түрінде кездеседі және олардан қосымша өнім ретінде бөліп алынады.

Көптеген өндіріс салалары тарапынан металдық кадмий және оның тұздарына сұраныстың үздіксіз өсуінен, құрамында кадмийі бар шикізаттарды комплексті әдіспен өңдеу, кадмий өндірісінің техника және технологиясының дамуына ықпал етеді, яғни бөліп алу дәрежесін жоғарылатып, бағасын төмендетуге септігін тигізеді.

Кадмийді қолдану облысы оның бағалы қасиеттеріне байланысты жылма-жыл өсіп келеді. Шет елдерде кадмийді стратегиялық шикізат қатарына жатқызады. Дүние жүзінде өндірілетін кадмийдің басым бөлігі электр жабындары мен қорытпа дайындау үшін шығындалады. Қорғаныс жабын ретінде кадмий мырыш пен никельмен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтары бар, себебі оның жұқа қабаты да коррозияға өте төзімді.

Қазіргі таңда оны атомдық реакторлар құрылысында көп қолданады, өйткені кадмий нейтрондарды жақсы сіңіргіштердің бірі болып табылады. Сондықтан да, ядролық реакцияның жылдамдығын реттегіш ретінде қолданылады.

Соңғы жылдарда кадмий өндірісін интенсификациялау мақсатында ойласытырған процестер айтарлықтай даму үстінде. Қайнау қабаты шарттарында сульфаттау әдісі, жоғары ток тығыздығында жүргізілетін электролиз, кадмий кеуегін дистилляциялаудың вакуумдық әдістері, жоғары тазалықтағы кадмий алу әдістері – кадмий өндірісіндегі техникалық прогрессивті даму жолдары болып табылады.

Кадмий өндірісінің өсіміне негізделген барлық технологиялық шешімдер тікелей мырыш өндірісімен тығыз байланысты.

*Дипломдық жұмыс тақырыбының өзектілігі:* Соңғы жылдары минералдық шикізаттарды кешенді қолдану және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды тиімді өндіруге үлкен көңіл бөлінеді. Бұл әртүрлі жолдармен жасалады, оның ішінде өндіріс қалдығынан пайдалы өнімдерді қатар алу есебінен де орындалады. Зерттеу үшін "Казцинк" АҚ түзілген мыс кадмийлі кектері алынды. Құрамындағы пайдалы металдардың үлкен

концентрациясы болуына байланысты осы шикізатты өңдеу қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады. Аталған шикізатты өңдеу бойынша технологиясын жасау және негізгі параметрлерін есептеу шикізат қорының түрлерін көбейтіп, өнеркәсіп орналасқан аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіншілік береді.

*Дипломдық жұмыстың мақсаты* – Дипломдық жобаның мақсаты “Казцинк” ЖШС өндірілген реагенттерді қолданып, тауарлық кадмий өндірудің технологиялық сұлбасын жетілдіру, мыс-кадмий ерітінділерінің көлемін азайту, сонымен қатар шикізатты өңдеудің әдістерін жетілдіру.

*Зерттеу объектісі:* "Казцинк" АҚ түзілген мыс кадмийлі кектері.

## 1 Талдаулық шолу

### 1.1 Мыс – кадмий кектерін қайта өндеудің теориялық негізі

Қазіргі уақытта кадмийді өндірудің өндірісте меңгерілген әдістері:

- Дистиляциялық;
- Гидрометаллургиялық;
- Біріктірілген.

Дистиляциялық әдісте кадмийдің төмен тотықсыздану температурасы мен мырыш және басқа металдармен салыстырғанда кадмийдің бу қысымының жоғары мәндеріне негізделген. Кадмий шығымының төмендігі және алынып отырған металдың тазалағанаң төмен болуы, құрамында кадмийі бар өнімді пирометаллургиялық әдіспен қайта өндеуден бас тартудың басты себебі болып табылады.

Кадмийді алудың гидрометаллургиялық әдісі әмбебаптығымен айрықшаланады, сонымен қатар құрамында кадмийі бар материалдардың барлығына қолдануға болады. Бұл әдіспен тізбектелген операциясында металды электролизбен бөліп алатын, концентрленген кадмийдің таза күкірт қышқылды ерітіндісі дайындалады. Бұл әдіс кадмийдің жеткілікті түрде таза күйде алуын қамтамасыз етеді және негізінде мысты-кадмий кектерін қайта өндеуде қолданылады.

Біріктірілген әдіс пиро және гидрометаллургиялық әдістерінің операцияларының қосындысы болып табылады. Ол мырыш пусьерасы мен қоғасынды шахталық балқытудың шаңдарын қайта өңдейтін зауыттарда қолданылады.

Жоғарыда аталғандарға сәйкес мыс-кадмий кектерінен кадмийді бөліп алуға гидрометаллургиялық әдісті қолданамыз. Себебі, ол әмбебап және оны кез-келген құрамдағы кектерге қолдануға болады.

Мыс-кадмий кектерін қайта өндеудің технологиялық сұлбасы оның құрамына байланысты алынады. Кектердің сапасы мыстың, кадмийдің мырыш өндірісінің бейтарап қоюлатқыштарының жоғарғы ағысындағы концентрациясына байланысты.

Мыс-кадмий кектерінің сапасына байланысты кедей (2-5 пайыз Cd), орташа (5-8 пайыз Cd) және бай (8-12 пайыз Cd) деп шартты түрде бөлуге болады. Риддер металлургиялық комплексінің мысты-кадмий кегінің құрамын талдай отырып, оларды сапасына байланысты кедей мыс-кадмий кектеріне жатқызамыз.

Өндірісте кездесетін мыс-кадмий кектерін қайта өндеудің технологиялық сұлбаларының көп түрлілігіне қарамастан осы сұлбаларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа мыс-кадмий кектерін қолданылған мырыш электролитінде бір сатылы ерітінділеудің сұлбалары жатады. Бұл сұлбалармен кадмийді таңдамалы түрде еріту, кадмий кеуегін тұндыру және пайдаланылған кадмий электролитінде немесе күкірт қышқылы ерітіндісінде кеуекті еріте отырып,

кадмий электролитін дайындау қарастырылады.

Екінші топқа мыс-кадмий кектерін қолданылған мырыш электролитінде бір сатылы ерітінділеудің сұлбалары жатады. Бірақ, онымен мыс пен кадмийді коллективті ерітінділеу қарастырылады. Мұнда ерітінділеуден кейін шаң қосу арқылы немесе мысты-кадмий кектерінің жаңа порциясын қосу арқылы мысты ерітіндіден тұндырады, сонымен қатар екі мәрте кадмий кеуегін тұндырумен, пайдаланылған кадмий электролитінен кадмиді аралық еріту жүргізіледі.

Үшінші топқа кадмий кекін пайдаланылған мырыш электролитінде екі сатылы ерітінділеуді және бірінші немесе екінші кадмий кеуектерін тұндыру арқылы, ерітінді қоспалардан тазартуды қарастыратын технологиялық сұлбалар жатады.

Бірінші топқа жататын сұлбалармен құрамында кадмийі 8-12 пайыз бай кектерді қайта өңдеу жүргізілуі мүмкін. Қайта өңдеудің бірінші және үшінші әдістері Риддер металлургиялық комплексінің мыс-кадмий кектеріне қолдануға келмейді. Себебі, металл шығымы төмен және кадмийдің мыс кекімен жоғалуы айтарлықтай. Кадмий мен мысты коллективті ерітінділудің сұлбасы қолдануға ыңғайлы. Кекті пайдаланылған мырыш электролитінде күкірт қышқылымен толық бейтарапталғанша және ерітінділеудегі мыс ионының концентрациясы 2-3 г/дм<sup>3</sup> дейін жоғарлағанша, ерітінділейді. Ерітіндіге өтіп кеткен мысты, жаңа мыс-кадмий кектерімен тұндырады. Ол кезде оның концентрациясы 0,5-1,2 г/дм<sup>3</sup> дейін төмендейді. Бейтарап пульпаны қоюлатқышқа жібереді. Қоюлатқыштың жоғарғы ағысы кадмий кеуегін тұндыруға түседі. Кедей кадмий ерітіндісі мырыш өндірісіне жіберіледі, ал кеуегі кадмий электролитін дайындауға барады.

Коллективті ерітінділеу сұлбасының артықшылығы кедей шикізаттан кадмийді бөліп алу дәрежесінің жоғарылығы (80–90 пайыз) және электролизге жарамды таза электролит алу болып табылады.

Бұл сұлбаның кемшілігі – процестің көп сатылылығы және мырыш шаңының үлкен шығыны [1].

Сонымен, мырыш зауытының жағдайында кадмий мен мысты коллективті ерітінділеуден, тауарлық кадмий алумен бір сатыда кадмий кеуегін мырыш шаңымен тұндырудан тұратын, мыс-кадмий кектерін қайта өңдеудің гидрометаллургиялық сұлбасын таңдаймыз.

## **1.2 Тауарлық кадмий алуда пайдаланылатын шикізат пен өнімнің, және онда жүретін процестердің қысқаша сипаттамасы**

Мырыш өндірісінің мыс-кадмий кектері металдық кадмий алуда негізгі шикізат болып табылады, ол ерітінділеу цехынан кадмий бөліміне құбырмен пульпа түрінде тасымалданады.

Әртүрлі зауыттарда қайта өңделетін мыс – кадмий кектері 2,5-12 пайыз Cd; 4-17 пайыз Cu; 35-60 пайыз Zn; 0,05-2,0 пайыз Fe; 0,05-0,20 пайыз As құрайды.

Кектер құрамының айырмашылығына байланысты әр өнеркәсіптегі технологиялық сұлбалар кейбір ерекшеліктерімен және әртүрлі құрамды

алынатын аралық өнімдерімен сипатталады. Алайда барлық сұлбалар, детальдарын ескермегенде, бір-біріне ұқсас.

Әдетте ертінділеуге мыс-кадмий кектерін оны сүзгеннен кейін бірден жібереді. Кейбір шетел зауыттарында кекті ертінділеу алдында ауада ұстап тотықтырады. Алдынала тотықтыру, бір жағынан, кектің еруін жақсартады және кадмий алуды жоғарлатады, ал басқа жағынан, мыстың ертіндіге көп мөлшерде өтуіне мүмкіндік жасайды да, ары қарайғы ертіндіні тазартуды қиындатады. Сондықтан, кекті алдын ала тотықтыру оның құрамына байланысты. Кек құрамындағы күшала мен кобальттың аздаған мөлшері оның еру жылдамдығын жоғарлатады. Құрамында неғұрлым аз қоспасы бар кек, баяуырақ ериді.

Мыс-кадмий кектері қолданылған мырыш электролитімен ертінділеніп, тұндыру үшін қоюлатқышқа беріледі. Пульпаны қоюлатқыштар тұндырған соң төменгі ағызынды – мыс кекі – дискті вакуум-фильтрге фильтрацияға (сүзуге) түседі, соңынан жинағыш-контейнерлерге тиеледі.

Кадмий кеуек түрінде цементацияланып, мырыштан тазалау үшін қышқылмен жуылып, фильтр-пресске сүзуге жіберіледі. Мырыштан тазалап жуылған кеуек күкірт қышқылында ерітіледі. Фильтрленген (сузілген) ертінді тазалаудан кейін, күміс-қорғасын балқымасынан жасалған ерімейтін (шығындалмайтын) анодта, кадмий электорлизіне түседі. Қатты қалдық қайта толық ертінділеуге қайтарылады.

Электролизден алынған кеуек брикет-престе брикеттеліп, каустикалық сода қабаты астында балқытылып, құйма қалыптарға құйылады. Қолданылған электролит мысты-кадмий кектерін ертінділеуге жұмсалады.

Кадмий бөлімшесінің тауарлық өнімі болып КД-0А, КД-0, КД-1 ГОСТ 1467-93 маркалы кадмий құймасы табылады. Металдық кадмий жылтыр ақ түсті, балқу температурасы 320 °С, ал қайнау температурасы 765 °С. Бөлме температурасында және құрғақ ауа атмосферасында металл беті өзгеріске ұшырамайды, ал дымқыл ауада коррозияға тұрақты тотыққан қабықпен қапталады [22].

1 Кесте - Тауарлық кадмийдің химиялық құрамы

Тауарлық өнімі	Химиялық құрамы							
	пайыз	Қоспалардың массалық үлесі, артық емес						
		Pb	Zn	Cu	Fe	Tl	Ni	Басқа қоспалар
КД - О	99,96	0,02	0,004	0,01	0,002	0,003	0,002	0,04
КД - ОА	99,98	0,008	0,001	0,004	0,0003	0,002		0,02
КД - 1	99,93	0,03	0,005	0,01	0,003	0,01		0,07

Металдық кадмий алудың технологиялық процестері келесі операциялардан тұрады:

- мыс-кадмий кектерін ерітінділеу;
- кадмийді ерітіндіден цементациялау;
- жуу және ерітіндіні қайта тазалай отырып кадмий кеуегін еріту;
- электролиз;
- брикеттеу, балқыту, рафинация және кадмийді құю.

### 1.2.1 Мыс-кадмий кектерін ерітінділеу

Мыс-кадмий кектері – ерітінділеу бөлімінің мысты-кадмий тазалаудың қоюлатқыштарының төменгі ағызындысы, ол пульпа түрінде алты дискілі вакуум-фильтр былауына сүзуге беріледі. Құрамында қатты зат мөлшері 3,0 г/л аспайтын фильтрат өртендіні ерітінділеу бөліміне сорылады, ал 40пайыз ылғалдылығы бар мысты-кадмий кекі дисктерден кесіліп алынып, айналымдық ерітіндімен репульпацияланып,  $V=36 \text{ м}^3$  агитаторға келіп түседі. Соңынан пульпа сорғымен ерітінділеу аумағының агитаторына беріледі. Кек құрамын анықтау мақсатында сынама жұмысшысымен дискті вакуум-фильтрден алынады.

Фильтратта қатты мөлшері жоғары болған жағдайды (3 г/л көп) келесілерді тексеру қажет:

- секторлардағы көйлектердің бүтіндігі(вакуум-фильтр секторларындағы жыртылған көйлекпен мысты-кадмий кекін фильтрлеуге тыйым салынады);
- сектор басынды тығыздағыш сақиналардың болуы;
- сектор басының вакуум-фильтр білігі пазасында дұрыс жатқандығы.


Мыс-кадмий кектері бейтарап ерітінділеудің ерітінділерін цементациялық тазалаудың өнімі болып табылады. Кектің негізгі компоненттері мырыш, мыс және кадмий. Кекте сонымен қатар темір, кобальт, никель, сүрме және күшала қоспалары болады.

Мыс-кадмий кектерін ерітінділеудің негізгі мақсаты – мырыш пен кадмийді пайдаланылған мырыш электролитінде еріту.


Металдардың ерітіндіге өтуі келесі реакциялармен жүзеге асады:



Мыс-кадмий кектерінің пульпасын сүзу процесі кезінде кадмийдің тотығуы жүреді:



Мыс-кадмий кектеріндегі мырыш пен кадмийдің көп мөлшері еріп болған соң, мыс ери бастайды:




Қоспалардан темір, кобальт, никель, сүрме, күшала ерітіндіге өтеді. Қорғасын мыс қалдығында шоғырланады.

Сүрме мен күшала өте қауіпті қоспалар болып табылады, қышқыл ортада мырышпен тотықсызданып, гемолиттік у – күшалалы сутек (арсин) және сүрмелі сутек (стибин) түзеді.



Сондықтан кадмийі бар өнімдерді ерітінділеу қақпағы жабылған, сору вентиляциясы бар агитаторда жүргізіледі.


Күшалалы сутектік түзілуін болдырмас үшін агитаторға құрамында мыс бар ерітінді мен пульпа қосады, олар күшаламен ерімейтін қосылыс түзеді:




Ерітіндіде екі валентті темірдің көп мөлшері болған жағдайда пиролюзит (марганец кені) сияқты тотықтырғыш қосады. Темірдің тотығуы қышқылдық 5-10 г/л  $\text{H}_2\text{SO}_4$  және 50-60°C температурада жүреді.



Мыстың қарқынды еруі мырыш пен кадмийдің негізгі бөлігінің ерітіндіге өткенін көрсетеді. Осымен ерітінділеудің бірінші сатысы аяқталып, екінші саты – пульпаны бейтараптау басталады. Мысты-кадмий кекінің жаңа үлесімен күкірт қышқылы бейтарапталып, ерітіндіден мыс тұнбаға түседі:



Пульпаны тұндыру және қоюлату процесімен бірге ерітіндінің қоспалардан гидролиттік тазалануы жүреді:



Кобальт және никель ерітіндіде қалады.

Пульпаның мөлдірлену және қоюлану жылдамдығы ерітінділеу процесін жүру шарттарына байланысты.

Пульпаның тұну және қоюлану жылдамдығына келесі факторлар әсер етеді:

- Қоюлатқышта қаттының болуы;
- рН ортасы;
- Ерітіндідегі кремний қос тотығы мен металл гидроксидтерінің болуы;
- Мыс-кадмий кектерін ерітінділеу шарттары.

Пульпаны Рн 4,5-5,0 болғанда қоюлату кезінде кремний қос тотығы мен ауыр металдардың коагуляциясы жүреді, бұл кезде тұну жылдамдығы максимал.

### 1.2.2 Ерітіндіден кадмийді цементациялау

Мырышпен цементация келесі реакция бойынша жүреді:



Ерітіндіде кадмийге қарағанда электрлік оң металдар болса (күшала, мыс, басқа) олар да қышқыл сульфаттық ерітіндіден мырышпен цементацияланып, келесі реакция бойынша сутегі бөлінеді:



Кадмий ерітіндісінен металдарды ығыстырып шығару реті олардың қалыпты потенциалдарымен анықталады. Мырыш ерітіндімен араласу сәтінде мыс пен күшала қарқынды ығыстырылып шығады. Соңынан кадмий тұнбаға түсіп, сутегі көпіршіктері бөлінеді.

Кадмийдің толық бөлінуі мен жылдамдығы келесі факторларға тәуелді:

- цементацияланатын металдың жалпы бетінің ерітінді көлеміне қатынасы;
- мырыш шаңы дисперстілігі дәрежесі;
- кадмийдің бастапқы концентрациясы;
- Қоюлатқышта қаттының болуы;
- рН ортасы;
- ортаның рН мәні;
- температура;
- араластыру қарқындылығы;
- ерітіндідегі мырыш концентрациясы.



## 2 Мыс кадмий кектерін өңдеудің металлургиялық есептеу

### 2.1 Жуықталған металлургиялық есептеу

Мыс-кадмий кектерін өңдеуде негізгі ерекшелік – құрамында кадмий бар кек, ерітінді, пайдаланылған электролит түріндегі айналымдық материалдардың көп мөлшері. Олар мыс-кадмий кектерін ерітінділеу бөлімшесінде қайтарылады.

Ерітінділеуге түсетін мыс-кадмий кекінің құрамы, пайыз: 3,2 Cd; 30 Zn; 11,4 Cu; бай кадмий кеуегін ерітінділеуден қалған мысты қалдық құрамы, пайыз: 8,6 Cu; 0,9 Cd; 2,6 Zn; айналымдық ерітінді құрамы: Cd=14 г/дм<sup>3</sup>; Zn=8,3 г/дм<sup>3</sup>; Cu=4,8 г/дм<sup>3</sup>.

Практикалық мәліметтер бойынша айналымға қайтатын мысты қалдықпен 2,5 пайыз кадмий, ерітіндімен 8,0 пайыз кадмий қайтарылады.

Айналымдағы кадмий мөлшерін  $x$  деп белгілеп, ерітінділеуге түсетін кадмий мөлшерін анықтаймыз:

Мысты қалдықпен (жоғалымды есепке алғанда)

$$(3,2+x) \cdot 0,025 - 0,005x = 0,72 + 0,22x$$

Айналымдық ерітінді

$$(3,2+x) \cdot 0,08 - 0,114x = 0,256 + 0,068x$$

Айналыммен барлығы ерітінділеуге түседі

$$X = 0,72 + 0,22x + 0,256 + 0,068x$$

Осыдан  $x = 0,13$  кг.

Әрбір айналымдық өніммен түсетін кадмий:

Мысты қалдықпен

$$0,72 + 0,022 \cdot 0,13 = 0,748 \text{ кг.}$$

Айналымдық ерітіндімен

$$0,256 + 0,068 \cdot 0,13 = 0,264 \text{ кг.}$$

Табылған кадмий мөлшері мен айналымдық өнім құрамы бойынша әрқайсысының мөлшерін анықтаймыз:

Мысты қалдық:  $0,748 \cdot 100 / 0,9 = 83,1$  кг.

мұндағы, мырыш:  $83,1 \cdot 0,026 = 2,160$  кг.

$$\text{мыс: } 83,1 \cdot 0,086 = 7,146 \text{ кг.}$$

$$\text{Айналымдық ерітінді: } 0,246 \cdot 100 / 14 = 17,57 \text{ дм}^3$$

$$\begin{array}{l} \text{мұндағы, мырыш: } 17,57 \cdot 0,083 = 1,450 \text{ кг} \\ \text{мыс: } 17,57 \cdot 0,048 = 0,808 \text{ кг.} \end{array}$$

Осы жолмен цементация бөлімшесіне қайтарылатын кадмий кеуегін жуған ерітіндінің құрамы мен мөлшерін анықтаймыз. Практикалық мәліметтер бойынша ерітіндімен айналымға 40-45 пайыз кадмий қайтарылады. Есептеуде цементацияға  $10,84 \text{ г/дм}^3 \text{ Cd}$ ;  $129 \text{ г/дм}^3 \text{ Zn}$  және 0.88 пайыз Cd; 10,8 пайыз Zn құрамды кадмий кеуегін жуғанда ерітіндімен 45 пайыз кадмий қайтарылады деп қабылдаймыз. Цементацияға қоюлатқыштың келесі құрамды жоғары ағызындысы түседі:  $10,88 \text{ г/дм}^3 \text{ Zn}$ ;  $5,3 \text{ г/дм}^3 \text{ Cd}$ , яғни 9,2 пайыз Zn; 0.441 пайыз Cd.

Кеукті қышқыл жуудан кейінгі ерітіндідегі кадмий мөлшерін  $x$  деп белгілеп, ерітіндінің мөлшерін анытаймыз:

$$(0,441+x) \cdot 0,45 = x$$

$$X = 0,36 \text{ кг.}$$

Табылған кадмий мөлшері бойынша ерітінді мөлшерін анықтаймыз:

$$0,36 \cdot 100 / 0,88 = 41 \text{ кг.}$$

$$\text{мұндағы, мырыш: } 41 \cdot 0,108 = 4,428 \text{ кг.}$$

Енді кадмий кеуегін жуу бөлімшесіне келіп түсетін бейтарап цементациядан шыққан кеуктің құрамы мен мөлшерін анықтаймыз. Практикалық мәліметтер бойынша бейтарап цементация кеуегімен бірге айналымға 1,51 пайыз кадмий қайтады, оның құрамы: 25,5 пайыз Cd; 27 пайыз Zn. Бейтарап цементациялаудағы кеуктегі кадмий мөлшерін  $x$  деп белгілеп, кеуктің мөлшерін анықтаймыз:

$$(25,5+x) \cdot 0,015 = x$$

$$X = 0,382 \text{ кг.}$$

Анықталған кадмий мөлшері бойынша кеук мөлшерін анықтаймыз:

$$0,382 \cdot 100 / 25,5 = 1,498 \text{ кг.}$$

$$\text{мұндағы, мырыш: } 1,498 \cdot 0,27 = 5,54 \text{ кг.}$$

## 2.2 Мысты-кадмий кекін өңдеудің толық металлургиялық есептеуі

РМК практикалық мәліметтері бойынша мыс-кадмий кектерінің құрамы келесідей (2 Кесте ) көрсетілген.

2 Кесте - Мыс-кадмий кектерінің құрамы

Zn	Cu	Cd	Fe	SiO <sub>2</sub>	Pb	Co+Ni	басқалар	H <sub>2</sub> O
30,0	11,4	3,2	0,95	0,8	1,6	0,2	6,4	41,3

Мыс-кадмий кектерін өңдеудің жуықталған металлургиялық есептеуін қолданып, толық металлургиялық есептеуде түзілетін айналымдық материалдарды есепке аламыз және оларды технологиялық сұлбаға сай енгіземіз.

Есептеуді қысқарту мақсатында мыс-кадмий кектерінен ерітіндіге тек негізгі компоненттер өтеді деп қабылдаймыз: Cd 97 пайыз; Zn – 95 пайыз; Cu – 4,5 пайыз, ал қалғандары (Co, Ni, Fe, SiO<sub>2</sub>, Pb) процестен шығарылады деп қабылдаймыз. Еріткіш ретінде пайдаланылған мырыш электролиті қолданылады, құрамы: 138 г/дм<sup>3</sup> H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> және 46 г/дм<sup>3</sup> Zn.

### 2.2.1 Мыс-кадмий кектерін ерітінділеу бөлімшесі

Есептеу 100,1 кг мыс-кадмий кектеріне жүргізіледі. Ерітінділеу кезінде ерітуге қажет, кг:

$$\begin{aligned} \text{Cd } & 3,2 \cdot 0,97 = 3,104 \\ \text{Cu } & 11,4 \cdot 0,045 = 0,513 \\ \text{Zn } & 30 \cdot 0,95 = 28,8 \end{aligned}$$

Сонымен қатар ерітінділеу бөліміне бай кадмий кеуегін ерітінділеуден қалған 7,3 кг мысты қалдық түседі, құрамы: Cd – 0,8 пайыз; Zn – 1,8 пайыз; Cu – 8,9 пайыз; басқалар – 88,5 пайыз. Және кадмий кеуегін толық ерітінділеуден 15,2 дм<sup>3</sup> ерітінді түседі, құрамы: Cu – 5,6 г/л; Zn – 6,4 г/дм<sup>3</sup>; Cd – 14 г/дм<sup>3</sup>. Мысты қалдықтан ерітіндіге Cu – 60 пайыз; Zn – 85 пайыз өтеді немесе, кг:

$$\begin{aligned} \text{Cu } & 7,146 \cdot 0,6 = 4,287 \\ \text{Zn } & 2,160 \cdot 0,85 = 1,836 \\ \text{Cd } & 0,748 \cdot 0,85 = 0,635 \end{aligned}$$

Ол үшін қажетті күкірт қышқылы, кг:

$$\begin{aligned} \text{Cd үшін} & (3,104 + 0,748) \cdot 97 / 112,4 = 3,32 \\ \text{Zn үшін} & (28,8 + 2,160) \cdot 97 / 65,4 = 45,91 \end{aligned}$$

$$\text{Cu үшін} \quad (0,256+0,448) \cdot 97/63,6=1,07$$

Барлығы: 50,3 кг.

Практикалық мәліметтер бойынша ерітіндіде 4,8 г/дм<sup>3</sup> күкірт қышқылы қалғанда ерітінділеу процесі аяқталады деп қабылдаймыз, яғни 1 г/дм<sup>3</sup> пайдаланылған мырыш электролитінен пайдамен жұмсалатыны:

$$148-4,8=133,2 \text{ г күкірт қышқылы}$$

Пайдаланылған мырыш электролитінің шығыны:

$$50300:133,2=377,627 \text{ дм}^3$$

немесе меншікті салмағы 1,3 болғанда:

$$377,627 \cdot 1,3=490,88 \text{ кг.}$$

Мысты кекке металдардың келесі мөлшері өтеді, кг:

Cd	$(3,2-3,104)+(0,748-0,635)=0,209$
Zn	$(30-28,8)-(1,450-1,836)=1,495$
Cu	$(11,4-0,513)+(7,146-4,287)=13,746$
Fe	$=0,95$
Co+Ni	$=0,2$
SiO <sub>2</sub>	$=0,8$
Pb	$=1,6$
Басқалар	$6,4+6,236=12,637$

Барлығы: 31,727 кг.

Алынған мыс-кадмий кектерінің құрамын (құрғақ салмаққа санағанда) (3 Кесте) енгіземіз.

3 Кесте - Мыс-кадмий кектерінің құрамы (құрғақ салмаққа санағанда).

	Zn	Cu	Cd	Fe	SiO <sub>2</sub>	Pb	Co+Ni	басқалар	Барлығы
кг	1,58 6	13,746	0,209	0,95	0,8	1,6	0,2	12,637	31,727
пайыз	4,99	43,32	0,65	2,99	2,5	5,04	0,63	39,8	100,0

Ерітіндідегі метал мөлшері:

Еріген кадмий                      Cu-Cd кекінен:    3,104

	Мысты қалдықтан:	0,635
	Айналымдық ерітіндіден:	0,264
	Барлығы:	4,003
Еріген мыс	Cu-Cd кекінен:	0,513
	Мысты қалдықтан:	4,287
	Айналымдық ерітіндіден:	0,808
	Барлығы:	5,608
Еріген мырыш	Cu-Cd кекінен:	28,8
	Мысты қалдықтан:	1,836
	Айналымдық ерітіндіден:	1,450
	Пайдаланылған электролитпен енгені:	19
	Барлығы:	51,086

Ерітінділеу нәтижесінде алынған ерітінді мөлшері, кг:

Пайдаланылған мырыш электролиті	490,88
Мысты-кадмий кекінің ылғалдылығы	41
Айналымдық ерітінді	$17,57 \cdot 1,3 = 22,841$
Ерітіндіге өткен металдар мөлшері	38,96
Барлығы:	593,603 кг

Ерітіндінің меншікті салмағы 1,25 болғанда:

$$593,603 : 1,25 = 439,705 \text{ дм}^3.$$

Ерітінді құрамы, г/дм<sup>3</sup>:

$$\begin{aligned} \text{Zn} &- 51086 : 439,705 = 116,18 \\ \text{Cd} &- 4003 : 439,705 = 9,1 \\ \text{Cu} &- 5608 : 439,705 = 12,75 \\ \text{H}_2\text{SO}_4 &= 4,5 \end{aligned}$$

Ерітіндідегі мыс пен күкірт қышқылының артық мөлшері онда мысты-кадмий кекінің жаңа үлесін салғада азаяды.



«жетілдіруге» қажет мыс-кадмий кектерінің мөлшерін анықтаймыз:

Мысты тұндыру үшін:

$$65,4 \cdot 1,18 / 63,6 \cdot 439,705 = 501 \text{ г Zn}$$

Қышқылды бейтараптау үшін:

$$65,4 \cdot 5/9 \cdot 439,705 = 1482,30 \text{ г Zn}$$

$$\text{Барлығы: } = 1983,30 \text{ г Zn}$$

немесе  $1,983 \cdot 100/30 = 6,6$  кг мыс-кадмий кектері, ылғалдылығы 40,5 пайыз. Сонда мыс кекінің құрамы мен мөлшері біраз өзгереді. Ол (4 Кесте ) көрсетілген.

4 Кесте - Мыс кекінің өзгерген құрамы

	Zn	Cu	Cd	Fe	SiO <sub>2</sub>	Pb	Co+Ni	басқалар	Барлығы
кг	1,58 6	11,10 8	0,19	1,10	0,950	1,8	0,120	13,28	29,975
